Сыр бойы

№29
(20502)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

23 ақпан, бейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ МҮШЕСІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтайдың мүшесі, «Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының» директоры Талғат Қалиевті қабылдады.

Ұлттық құрылтай мүшесі Президентке елімізде жүргізіліп жатқан реформалар аясында ұлттық бірегейлікті дамытуға қатысты ұсыныстарын жеткізді.

Сонымен қатар саясаттанушы зерттеу орталықтарының қоғамдағы рөлі, соның ішінде «Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының» атқарып жатқан жұмыстары туралы баяндады.

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында көктемгі дала жұмыстарына дайындық және елді мекендерді газдандыру барысы талқыланды. Үкімет басшысы фитосанитариялық іс-шараларды, тыңайтқыш себуді ұйымдастыруды, оңтүстік өңірлерде егістікті сумен қамтамасыз ету шараларын қабылдауды тапсырды.

ЖАУАПТЫ МАУСЫМ ЖАҚЫН

Егін алқаптарына әлеуметтік маңызы бар және жемшөп дақылдарының қажетті көлемін егу назардан тыс қалмауы керек. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Премьер-министр еліміздің солтүстік және шығыс өңірлерін газдандыру мәселесі тез арада шешім табуы қажет екенін ескертті.

Селекторлық мәжілістен кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Үкімет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында жиын өткізді. Биылға межеленген егін көлемін агротехникалық талаптарды сақтай отырып, мерзімінде егу керектігін баса айтты. Осыған орай, жауапты мекеме басшылары егін егуге қажетті жанар-жағармай, тынайтқыш, тұқым, қаржы көздерінің қолжетімділігі және су шаруашылығы нысандарының дайындығы жөнінде баяндады.

Аймақ басшысы биыл да су тапшылығы орын алуы мүмкін екенін ескертіп, жоғарыдан келетін су көлемін тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды. Мұнан бөлек, өткен жылы оң нәтиже берген тәжірибені қайталап, жергілікті тұрғындарға әлеуметтік маңызы бар азық-түлік, бақша өнімдерімен өз-өздерін қамтамасыз етуі және артылған өнімін сату үшін арнайы егістік жер дайындап беру қажеттігін ескертті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша тиісті мекеме басшылары облыс аумағындағы коммуналдық меншіктегі 39 газбен жабдықтау нысанын теңгерімге алу, газбен қамту қызметтері үшін тұрғындар қарызын өндіру және жеке тұрғын үйлерді «көгілдір отынға» қосу барысын баяндады.

Жиын қорытындысында аймақ басшысы қала, аудан әкімдеріне «ҚазТрансГаз Аймақ» Қызылорда өндірістік филиалымен бірлесіп, тұрғындардың табиғи газға қарызын азайту бойынша 2023 жылғы 1 сәуірге дейін нақты шара қабылдауды тапсырды. Ал бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментіне кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы, аудан, қала әкімдерімен бірлесіп, тұтынушыларды газға қосу жөніндегі қызметтерге ашық және әділ баға белгілеуді қамтамасыз ету міндеті жүктелді.

– 2023 жылға республикалық бюджеттен 15 газдандыру жобасына 7,5 млрд теңге бөлінді. Дегенмен, ағымдағы жылы республикалық бюджеттің бірінші нақтылауына Энергетика министрлігіне қосымша ұсынылған 16 млрд теңгеден асатын 12 жаңа жоба қолдау тапқан жоқ. Осы ретте, бюджет қаражатын тиімді пайдалану мақсатында Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері жаңа газдандыру жобаларын облыс әкімінің сол салаға жауапты орынбасарымен келісіп, жұмыс жүргізсін. Алдағы уақытта табиғи газ желілерін салу мақсатында ұсынылған жобалар алдымен өткен жылы құрылған облыс аумағында жоспарланған құрылыс нысандарының жобаларын қарау жөніндегі кеңес отырысында жан-жақты қаралып, келісім алу қажет, – деп ескертті аймақ басшысы.

ТОЛҒАНДЫРАР ТАҚЫРЫП

ЗЕЙНЕТАҚЫ һәм ИНФЛЯЦИЯ: АЛШАҚТЫҚ НЕНІ АҢҒАРТАДЫ?

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ақпаннан бастап зейнетақының орташа мөлшері 120 659 теңгені құрағанын мәлімдеді. Бұл өткен аймен салыстырғанда 11 898 теңгеге артық. Дегенмен, зейнетақы мәселесінде түйткіл де аз емес.

Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

Айталық, былтыр елімізде бір жыл ішінде орташа зейнетақы мөлшері небәрі 3470 теңгеге немесе 3,3%-ға өскенімен, жылдық инфляция 20,3%-ды құраған еді. Оған қоса, 2022 жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық банктің сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірісі өткен кезеңдермен салыстырғанда төмендеп, 6,55%-ды құрады.

Зейнетақы активтері кірісінің төмендеуіне БЖЗҚ жұмысының тиімсіздігі себеп болып отырғанын қоғам белсенділері де, депутаттар да айтты. Ал Ұлттық банк әлемдегі геосаяси және экономикалық жағдай қазақстандықтардың жинақ ақшасының табыстылығына айтарлықтай әсер еткенін мәлімдеген еді. 2022 жылдың басынан бері есептелген инвестициялық кіріс көлемі 914,1 млрд теңгені құрады.

Сондай-ақ, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестицияларына сенімсіздік білдіріп отырғандар да бар. Айталық, жақында «Даму» қорының кепілдігімен қазақстандықтардың жинақталған зейнетақы қаражатын шағын және орта бизнеске салуға рұқсат етілгені туралы ақпарат қоғамның қызу талқысына түсті. Бұдан сәл ертерек, өткен айда Ұлттық банк зейнетақы қорынан «Бәйтерек» ұлттық холдингінің облигацияларына 500 миллиард теңгеге дейін инвестициялауға ниетті екенін хабарлаған болатын.

Жалпы зейнетақы қорларын түрлі коммерциялық жобалар мен кәсіпорындарға инвестициялау – әлемдік тәжірибеде бар қалыпты жағдай. Дегенмен, Қазақстанда мұндай бастамаларға сенімсіздік басым. Оған осы уақытқа дейін БЖЗҚ-ның өте күмәнді ұйымдар мен жобалардың инвесторы болуы себеп.

Айталық, 2014 жылы БЖЗҚ Әзербайжанның Халықаралық банкіне 250 млн долларға жуық қаржы құйып, бұрыннан сенімсіз саналған банк үш жылдан кейін банкротқа ұшыраған еді. 2019 жылы қор өз қаражатын толығымен қайтарғанын хабарлады. 2017 жылдың қаңтарында қордың «Қазинвестбанкте» 2,9 млрд теңге ұстағанын білген. Проблемалы болып саналған банк 2016 жылдың желтоқсанында лицензиясынан айырылған болатын. 2017 жылы Ұлттық банк тағы бір күмәнді құрылым – Delta Bank-тің лицензиясын тартып алды. Бұл іс бойынша жәбірленушілер «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ және «Эйр Астана» АҚ болды. БЖЗҚ-ға келтірілген шығын 7 млн теңге және 10 млн долларға бағаланды.

Сондықтан қазір кез келген мұндай бастамаларды қоғам үлкен алаңдаушылықпен және күмәнмен қабылдайтыны өздігінен түсінікті.

2-бет

КЕЗДЕСУ

СЕНІМДІ ӘРІПТЕСТІК

Сейсенбіде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда облысына арнайы келген Ресей Федерациясының Алматы қаласындағы Бас консулы Евгений Бобровпен кездесті деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Басқосуда аймақ басшысы Қазақстан мен Ресей Федерациясын 30 жылдан астам уақыттан бергі стратегиялық серіктестік және ортақ тарихи оқиғалар байланыстыратынын атап өтті.

– Ұлы Отан соғысы жылдары жүздеген жерлестеріміз ерлік көрсеткені үшін түрлі дәрежедегі мемлекеттік наградалармен марапатталды. Осы орайда Ресей Үкіметіне жерлесіміз Қалмағанбет Оспановтың ерлігін ерекше бағалағаны үшін батырдың ұрпақтары мен барша аймақ тұрғындарының атынан зор алғыс айтамын. Қаншама жыл өткен соң қаһарманның наградалары, яғни III дәрежелі «Даңқ» ордені мен «Ерлігі үшін» медалі туған жеріне әкелініп, туыстарына салтанатты түрде табысталмақ. Осы сәтті пайдаланып, Ресей Федерациясының Қорғаныс және Сыртқы істер министрліктеріне, консулдық қызметкерлеріне екі ел арасындағы әріптестік пен сенімді қарым-қатынасты нығайту жолындағы еңбегі үшін ризашылығымды білдіремін, – деді облыс әкімі.

Өз кезегінде Бас консул өңір басшысына алғыс білдіріп, Ресей мен Қазақстанның өзара тиімді әріптестігін әрі қарай дамытуға мүдделі екенін жеткізді.

Айта кетейік, РФ Алматы қаласындағы Бас консулының Қызылорда облысына жұмыс сапары дүйсенбіде Байқоңыр қаласында басталды. Евгений Бобров жұлдызды қалашықта Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысы Константин Бусыгинмен кездесіп, ондағы Ресей Федерациясының азаматтарын қабылдады.

Қызылордада Бас консул шіркеуге барды және «Достық үйінде» «Славяне» этномәдени бірлестігінің мүшелерімен кездесті. А.С.Пушкин атындағы қалалық кітапхана қорына әдеби кітаптар табыстады.

Аймақ басшысымен кездесуден кейін Евгений Бобров облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағановпен бірге Ұлы Отан соғысының батыры Қалмағанбет Оспановтың туыстарына медальдар мен орден кітапшаларын салтанатты түрде тапсырады.

ҚАБЫЛДАУ

ОРЫНДЫ ҰСЫНЫС ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кезектілік тәртібімен жазылған азаматтарды жеке қабылдады. Осы жолы 11 адам жазылған, оның екеуі онлайн режимде мәселесін жеткізді деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Қабылдауға келген тұрғындардың басым бөлігі қаржылай көмек көрсету, денсаулық сақтау, тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, инфрақұрылым жүргізу, кәсіпкерлікті қолдау мәселелерін көтерді. Аймақтағы елді мекендерге, көше, мектептерге өңір дамуына өз үлесін қосқан азаматтардың есімін беру жөнінде ұсыныс айтты.

Облыс әкімі ұсыныс-пікірлер алдағы уақытта зерттеліп, шешімі заң талаптарына сәйкес қарастырылатынын жеткізді.

Атап айтқанда, 73 жастағы жалғызбасты қала тұрғыны өткен ғасырдың 60-шы жылдары салынған үйіне ауызсу жүргізуге көмек сұрады. Аймақ басшысы қала әкімі Асылбек Шәменовке зейнеткердің үйіне барып, тұрмыстық жағдайымен танысуды, сосын нақты ұсыныс беруді тапсырды.

Қабылдауға келген тағы бір азамат «Еңбек» саяжайына ауызсу, табиғи газ және электр жарығын жүргізу мәселесін көтерді. Нұрлыбек Машбекұлы қала әкімі мен облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысына саяжай аумағындағы инфрақұрылым түйткілдерін мұқият зерттеп, электр жарығын жүргізу жұмыстарын 10 наурызға дейін жүзеге асыруды міндеттеді.

Осы уақытқа дейін облыс әкімі 27 жеке қабылдау өткізіп, 600-ге жуық тұрғынның өзекті мәселесіне ден қойды.

Айта кетейік, тұрғындар облыс әкімінің қабылдауына egov порталы, e-otinish бірыңғай базасы немесе әкімдікке келіп жазбаша өтініш тастау арқылы жазыла алады.

КӘСІП

БӨДЕНЕДЕ БЕРЕКЕ БАР

Мемлекет ұсынған тиімді бағдарламаны пайдаланып, шағын кәсібін ширатып жүргендер көпке үлгі. Солардың бірі – жаңақорғандық Нұрайлым Жамалдин. Ол былтырдан бері құс өсіріп, өнімін аудан тұрғындарына ұсынып келеді.

Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

– Өзім жұмыссыз болған соң үйде құр отырғым келмеді. Жолдасымменақылдасып, бизнес бастамақ болдым. Осылайша мемлекет ұсынған бағдарламаларды тиімді пайдаланып, құжаттарымызды дайындадық. Былтыр күзде 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасы аясында қайтарымсыз грант ұттым.

2-бет

№15 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ МҰСАБАЕВА АЙГҮЛ НӘЖМАДИНҚЫЗЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Әділдік!
Тұрақтылық!
Жаңғыру!

ӨМІРБАЯН

Мен, Мұсабаева Айгүл Нажмадинқызы 1969 жылы 6 мамырда Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласында дүниеге келдім.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде 20 жыл көлемінде (1992-2012 жж.) кафедра оқытушысы, доцент, кафедра меңгерушісі, факультет деканы, университет жанындағы колледж директорының орынбасары, университет жанындағы қазақ-түрік лицейінің директоры қызметін атқардым. 1995 жылы тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін, 1999 жылы БжҒМ жанындағы ЖАК шешімімен доцент ғылыми атағын алдым.

2012 жылдан М.Шоқай атындағы №187 қазақ орта мектебінің директоры қызметін атқардым. Қазіргі уақытта Абылай хан атындағы №140 қазақ орта мектебінде мектеп директоры қызметіндемін.

Біліктілікті ұдайы арттыру - педагогтің кәсіби қызмет сапасын жетілдіру көрсеткіші. Сол себепті Түркия Республикасы Эрзурум қаласындағы Ата Түрік университетінде, Америка Құрама Штаттарының Колумбия университетінде, «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру курстарынан өттім.

Оқу-тәрбие үдерісіне қажетті ғылыми сүйемелдеу жұмыстары бойынша 2 монография, 3 авторлық бағдарлама, 20 әдістемелік құрал, 45 ғылыми мақала дайындадым.

Кәсіби қызметтегі жетістіктерім үшін ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың Алғыс хаты, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасы, Қызылорда қаласы әкімінің, Қазақстан Республикасы «AMANAT» партиясының Құрмет грамоталарымен марапатталдым.

Отбасылымын, 3 бала және 2 немерені тәрбиелеп отырмын.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАМНЫҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ:

I. БІЛІМ БЕРУДІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМДЫ ДАМЫТУ, БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

- Халықаралық зерттеу нәтижелері: кибер педагогика және қашықтықтан оқыту методологиясы, функционалдық сауаттылық, ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу, мониторинг, талдау және бағалау;
- Ғылыми бағдар беру шеберханасы: Ізденіс. Тәжірибе. Нәтиже;
- Педагогтер династиясын қолдау: жаңа модель;
- Артспорт, дене тәрбиесі: ашық алаңдар, заманауи спорт жабдықтары.

II. ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІНДЕГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

- Жастардың бизнес-бастамалары: жеңілдетілген несиелер, StartUp жобалар;
- Жастар аллеясы, жастар амфитеатры: жеңімпаз жастар ортасы;
- Кәсіби бағдар: жаңа мамандықтар атласы.

III.ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

- Әлеуметтік қорғау: Жеке тұлға. Отбасы. Тәрбие. Мектеп;
- Отбасы институты: Отбасы мектебі – рухани және мәдени қолдау.

IV. ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ, АШЫҚ ҚАУІПСІЗ АЙМАҚ

- Халық үніне құлақ асатын мемлекет: Әділетті мемлекет, Әділетті қоғам, Әділетті экономика;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес: «Адал ұрпақ», «Парасат мектебі», «Адалдық алаңы» жобалары.

V. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР

- Экономикалық тұрақтылық: қолжетімді, тоқсауылсыз бизнес;
- Мемлекеттік жекеменшік әріптестік: емхана, балабақша және мектептер;
- Білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасы: космороботехника, виртуалды зертханалар, цифрлы-лингафонды 3D кабинеттер;
- Сапалы жол, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым: жаяу жүргіншілер жолы, түнгі жарық шамдары, абаттанған аулалар.

Құрметті менің сайлаушыларым!!!
Әлеуметтік желілер аясында ұсыныс-пікірлеріңізді қабылдаймын!

Айгүль Мусабаева
140mektep@mai.ru

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№1 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ҚОЙШЫҚАРАЕВ ӨТЕГЕН ШАХАРҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

ӨМІРДЕРЕК

Қойшықараев Өтеген Шахарұлы, 1 желтоқсан 1969 жылы туған.

1987 жылы Х.Жомартов атындағы №185 қазақ орта мектебін бітірген.

Еңбек жолы:

- 1987-1989 жылдары Қарулы күштер қатарында міндетін өтеген;
- 1989-1995 жылдары аралығында Қармақшы ауданы, Жаңақала ауылында дәнекерлеуші;
- 1996-2006 жылдары ҚР ІІМ-нің аймақтық құрылымдарында кіші басшы құрам қызметін атқарған;
- 2006-2011 жылдары ҚР ІІМ Қызылорда облысы бойынша ҚАЖ департаментінде тәрбие бөлімін басқарған;
- 2009-2012 жылдары ҚР ІІМ Қостанай Заң академиясын Құқық қорғау қызметі бойынша аяқтаған;
- 2011 жылдың қазан айынан 2015 жылдың желтоқсан айына дейін ҚР ІІМ Қызылорда облысы бойынша ҚАЖ департаментінің ЗК-169/4 мекемесі бастығының тәрбие жұмысы бойынша орынбасары қызметін атқарған;
- 2015 жылдың желтоқсан айында Қазалы аудандық Пробация қызметі бөлімінің бастығы лауызымын атқарып, шекті жасына байланысты құрметті демалысқа шыққан.

ҚҰРМЕТТІ ҚЫЗЫЛЖАРМА ТҰРҒЫНДАРЫ!

«Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» деген даналық тәмсілдің растығын уақыт дәлелдеп келеді. Қазір жер жүзін жайлаған сыбайлас жемқорлық, барша зұлымдықтың анасына айналды. Ұрпақ болашағы бұлыңғыр. Ертеңіне сенімсіздікпен қарайтын қоғам пайда болды. Елдегі жұмыссыздық салдарынан халықтың әлеуметтік жағдайы төменгі деңгейге жетті. Сол себепті, Республика президенті Қ.К.Тоқаев әділетті Қазақстан құру жолында тың бастамалар көтеріп отыр. Бұл – заман талабы. Халық пен билік арасында тығыз байланыс орнауы қажет. Осы орайда, халық қалаулыларының көтеретін жүгі ауыр. Еліміздің баға жетпес құндылығы – Тәуелсіздігіміз. Ел бірлігі тәуелсіздігіміздің алтын тұғыры. Сөзден іске көшетін кез келді. Елім деген ерлердің елге қалтқысыз қызмет ететін шағы туды. Түбегейлі өзгеретін кез жетті.

Депутаттық мандат пен мансапты шатастырмау қажет. Мен – ешқандай қызметі мен бизнесі жоқ қарапайым қала тұрғынымын. Қарапайым шаруа отбасында дүниеге келдім. 1996 жылдан 2016 жылға дейін Қазақстан Республикасы Құқық қорғау органдарында қызмет атқарып, шекті жасына жетуіме байланысты зейнетке шықтым. Жоғары білімді заңгермін. Қатардағы қызметкерден басшылық қызметке дейін жеттім. Ұстанымым – әділдік пен қайырымдылық. Ендігі күш-жігерімді халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге атсалысып, құқықтарын қорғауға жұмсау. Мен қызмет атқарған Қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінде жазасын өтеген қаншама жанның тағдырымен таныспын. Көп жағдайда бас бостандығынан айыруға сотталатындар – жұмыссыздар мен толық емес отбасынан шыққандар. Бұдан шығатын жол – тек қана әділетті мемлекет құру, яғни жаңару. Мақсатым – елдің денсаулығы мен әлеуметтік жағдайын жақсартуда және сапалы білім беру бағытында тың бастамалар көтеру. Құзырлы органдармен бірлесе жүзеге асыру. Қызылорда халқының заман талабына сай дамуына үлес қосу. Бұл – менің азаматтық ұстанымым.

№1 САЙЛАУ ОКРУГІНЕН ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТЫ БОЛЫП САЙЛАНСАМ, ҚЫЗЫЛЖАРМА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ТӨМЕНДЕГІ ЖҰМЫСТАРДЫ ЖАСАЙМЫН:

1. Жайылымдық жерлерге су жеткізіп, қайта қолданысқа енгізу;
2. Ауыл ішіне аяқсу жеткізу;
3. «Жайлы мектеп» жобасы бойынша жаңадан бір мектеп салуға ықпал жасау (2023 жылға жоспарланған болса бақылауға алу);
4. Жол, ауызсу, электр жүйелерімен жабдықтау бойынша туындап отырған мәселерді шешу;
5. Ауыл ішінен балаларға арналған Спорт кешенін салу;
6. Заман талабына сай балаларды IT саласына бағыттау мақсатында ауыл ішінен IT парк салу;
7. Интернет жүйесінің ауқымын кеңейту бойынша жұмыстар жасау;
8. Тұрғындар тарапынан туындаған кез келген сұрақтар бойынша сапалы жұмыстар жасау.

Құрметті сайлаушы!

Құқық қорғау органдарында адал қызмет атқарып, абыроймен аяқтадым. Қазір нағыз ақылы кәміл толысқан шағым. Тағы да халқыма қызмет ету бұйырса, өздеріңіз аманаттаған жауапкершілігі мол жұмысты барлық тәжірибем мен күш-жігерімді салып атқарамын деп сендіремін. Өз болашағымыз өз қолымызда. Таңдау сізде. Сайлауға қатысыңыз, маған дауыс беріңіз!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

САЙЛАУ – 2023

Ең жас кандидат 21 жаста

ҚР Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттар депуттатарын сайлауға облыс бойынша 590 кандидат ұсынылып, бүгінгі таңда 520 азамат тіркелді. Бұл туралы облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Әділбек Ерсұлтанов өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтты.

Парламент Мәжілісіне өңірден ұсынылған 15 кандидаттың 10-ы тіркелген, 2 азаматтың өз өтініші негізінде құжаттарын тіркеуден бас тартылды, 3 азамат құжаттарын талапқа сәйкес етіп толық ұсынбаған. Ал облыстық мәслихатқа барлығы 115 азамат тіркелді. Оның ішінде бірмандаттық негізде 49 азаматқа, партиялық тізіммен 66 кандидатқа тіркеу куәлігі берілген.

– Сондай-ақ, қалалық мәслихатқа 81, аудандық мәслихаттарға 314 азамат тіркелді. Орташа алғанда бір мандатқа 3,3 адамнан келеді. Бәсекелестік Арал, Жаңақорған аудандарында жоғары, – деді Әділбек Ерсұлтанов.

Тіркелген кандидаттардың 378-і – ер, 68-і – әйел. Ал ең жас кандидат 2001 жылғы, ең ересегі 1957 жылы туған. Сайлауды өткізу жұмыстары жоспарға сай ұйымдастырылуда. Облыс бойынша барлығы 516 сайлау комиссиясы орналасқан. Онда 3382 комиссия мүшесі қызмет жасайды.

18 ақпаннан бастап үміткерлер үшін үгіт кезеңі жүргізілуде. Кандидаттар халықпен кездесулер, ақпараттық материалдар, ресми БАҚ пен онлайн платформа қолданушылары арқылы үгіт жүргізе алады. Қазіргі таңда облыста 115 ресми БАҚ және онлайн платформа қолданушысы үгіт жүргізуге өтініш қалдырып, баға ұсыныстарын жариялады. Оның 18-і – мерзімді басылым, 18-і – электронды БАҚ, 60-ы – интернет БАҚ, 19-ы – онлайн платформа қолданушылары.

Комиссия төрағасының айтуынша, сайлаушылар тізімін өзектендіру және сәйкестендіру жұмыстары күнделікті жүргізілуде және тұрақты бақылауда.

– Сайлау науқанында азаматтар дауыс беру учаскесін нақтылау үшін 20 қаңтардан бастап «Өзіңді сайлаушылар тізімінен тексер» сервисі іске қосылып, 109 call-орталығы өз жұмысын бастады. Мұнан бөлек, telegram-бот және «Smart Qyzylorda» мобильді қосымшасы арқылы тексеру мүмкіндіктері қолжетімді. Сайлау процесін ашық әрі талапқа сай өткіземіз, – деді Ә. Ерсұлтанов

Айта кетейік, кандидаттың сенімді өкілдері өз парақшасында үгіт жүргізе алады. Бірақ тек бір кандидатқа ғана үгіт жүргізуге құқылы. Ақпараттық насихат жүргізуде қала және аудан әкімдерімен бірлесіп, кандидаттардың сайлаушылармен кездесу орындары белгіленді. Облыста барлығы 169 орын, көпшілік шара өткізетін 31 орын, ақпараттық материалдар таратын 268 орын белгіленді.

«СБ» ақпарат

ЗЕЙНЕТАҚЫ һәм ИНФЛЯЦИЯ: АЛШАҚТЫҚ НЕНІ АҢҒАРТАДЫ?

Бұл ретте ШОБ пен «Бәйтерек» холдингін қолдау идеясы БЖЗҚ емес, қордың активтерін басқаратын Ұлттық банктің бастамасы екенін айта кеткен жөн. Өз кезегінде тәуелсіз сарапшылар мен экономистер қор қаржысын әлеуметтік инфрақұрылым жобалары мен экономиканың нақты секторына инвестициялау қажет деген пікірде.

Қазақстанда инвестицияны аса қажет ететін маңызды салалар мен аймақтар көп. Энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолдар өте өзекті мәселе болып отыр. Мұны Екібастұзда болған төтенше жағдай да растайды. Бірақ қазіргі инвестициялық саясат мемлекеттің де, зейнетақы қоры салымшыларының да мүдделеріне сай келмейді.

Азаматтардың зейнетақы жинақтары есебінен мемлекет алдындағы қарыздарын және коммерциялық ұйымдардан алған несиелерін өтеуге мүмкіндік берсе, жақсы болар еді деушілер де бар.

Бір сөзбен, БЖЗҚ айналасындағы дау толастамай келеді. Оған қоса, орташа зейнетақы мөлшерінің көтерілуі бағаның өсуіне алып келуі де мүмкін.

Сонымен, ынтымақты және базалық төлемдерді қосқанда зейнетақының орташа мөлшері 120 659 теңгені құрады. Министрлік мәліметінше, қаңтарда республикалық бюджеттен 274,1 млрд теңге зейнетақы төленді. Оның ішінде базалық зейнетақы – 84,2 млрд теңге, ынтымақты зейнетақы – 189,9 млрд теңге. Қазір республикада 2 млн 292 мың зейнеткер бар. Енді зейнетақы мөлшері кезең-кезеңімен көтеріліп, 2025 жылға қарай жалпы көлемі 27 пайызға артады. Бұл шара барлық зейнеткерлерді қамтиды.

Бірақ, сарапшылардың айтуынша, бұл жеткіліксіз. Қазірдің өзінде зейнеткерлер табысының басым бөлігін ай сайын қымбаттап жатқан азық-түлікке жұмсайды. 2027 жылға қарай базалық зейнетақының ең төменгі мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызын, ең жоғары мөлшері 120 пайызын құрайды. Базалық зейнетақының орташа мөлшері жыл сайын орта есеппен 13 пайызға артады. Бұл шара зейнетақының жалпы көлеміндегі мемлекеттік төлемдердің үлесін арттыруға мүмкіндік береді. Осылайша, мемлекет егде жастағы азаматтар арасында кедейшіліктің өсуіне жол бермеу жөніндегі міндеттемелерді өз мойнына алады.

Бірақ зейнетақы елдегі орташа жалақыдан төмен. Ал қарапайым қазақстандықтар соңғы зерттеулер бойынша табысының жартысын тамаққа жұмсаса, зейнеткерлер 70-80 пайыздан астамын жұмсайды. Қазақстандық қарттарға киім-кешек пен жолақыны айтпағанда, мемлекеттік қызметтерді төлеу, дәрі-дәрмек сатып алу керек.

Оған қоса, мамандар азық-түлік бағасы әлі де көтерілетінін айтады. Бұған бюджет қызметкерлері жалақысының өсуі әсер етеді. Мысалы, биыл мұғалімдер жалақысы тағы 25 процентке көтерілді. Ізінше азық-түлік бағасы тағы да ұшты.

Азық-түлік инфляциясының соңғы жылдары жоғары болғанын ескерсек, жылдық инфляция ресми түрде 19-20% болды. Егер қымбатшылық жалғаса берсе, зейнетақының бұл индексациясы жеткіліксіз.

1-бет

БӨДЕНЕДЕ БЕРЕКЕ БАР

Жалпы сомасы – 1 млн 225 мың теңге. Осы қаражатқа бөдене және оны өсіруге қажетті инкубатор жабдықтарын, арнайы торлы орын мен түрлі дақыл араласқан жем сатып алдық. Қазір жұртшылық бөдене еті мен жұмыртқасының емдік қасиетін жақсы біледі. Ойлау қабілетін арттырып, түрлі жұқпалы аурулардан қорғайды. Дәмі де бөлек, ұзақ сақтауға да төзімді. Негізі ғылымда бөдене жұмыртқасын қарт кісілер мен балаларға, аяғы ауыр немесе жас аналарға көптеп тұтыну керектігін айтады. Әсіресе, бойында әлсіздік бар адамдарға бөдене өнімдері пайдалы, – дейді кәсіпкер келіншек.

Бүгінде Нұрайлымның 200-ге жуық бөденесі бар. Олардан күніне 50-60 жұмыртқа алып отыр. Аудан тұрғындары кәсіпкерлердің шағын цехынан өнімді емдік қасиеті үшін сатып алады. Ал дәмхана иелері тағамдық мақсатта тапсырыс береді екен. Бір данасы – 50 теңге.

Нұрайлым алдағы жаз айларында бөдене шаруашылығын кеңітпекші. Сондай-ақ күркетауық пен өзге де құс түрлерін өсіруді қолға алмақ.

– Былтыр осындай шағын кәсіп бастаған аудан тұрғындары көп болды, 360 адам түрлі бағыттағы кәсіп ашу үшін мемлекеттік бағдарламалар арқылы қайтарымсыз қаржы алған. Оның ішінде 285 адам 1 млн 225 мың теңге көлемінде грант ұтса, 75 тұрғынға 612 мың теңгеден мемлекеттік қайтарымсыз қаражат берілді. Биыл да Жаңақорған ауданында жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін әр адамға 400 айлық есептік көрсеткішпен, яғни, 1 млн 380 мың теңгеден қаржы беріледі, – дейді аудандық жұмыспен қамту бөлімінің маманы Руслан Мұсатаев.

Жаңақорған ауданы

1-бет

ҚҰРМЕТ

ЕЛГЕ ЕҢБЕКТІҢ ШАПАҒАТЫ

Сейсенбіде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Құрмет» орденінің иегері, Қызылорда қаласы және Арал ауданының Құрметті азаматы Имамадин Оңғарбаевты 70 жас мерейтойымен құттықтады. Жиында аймақ басшысы Имамадин Зәкірұлының өңірді дамытуға, Қызылорда қаласын көркейтуге, инфрақұрылымын жақсартуға, шаһар шырайын арттыруға қосқан елеулі еңбегін атап өтіп, мерейтой иесіне ризашылығын білдірді.

Sb Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

– Құрметті Имамадин Зәкірұлы, сізді Сыр жұртшылығының атынан мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Облыс бюджетінің сол кездегі шектеулі мөлшеріне қарамастан, туған жеріне жанашырлықпен қарайтын белді кәсіпкерлерді ортақ іске ұйыстырдыңыз. Қаржы жинап, қаланың қалпына тыныс-тіршілігін жолға қоюға күш салдыңыз. Жиналған қаржыны ауызсу мен кәріз жүйесін жаңартуға бағыттап, қалпына келтіру ісінде аянып қалмадыңыз. Жылу трассасындағы ірі құбырлардың бәрі қаптаусыз, ашық күйінде қалған кезеңде шұғыл шешім қабылдадыңыз. Жекенің иелігіне өткен коммуналдық кәсіпорындарды қайтарып алуда табандылық таныттыңыз. Осылайша коммуналдық салада қордаланып қалған мәселелердің тамырына қан жүгірген болатын, – деді облыс әкімі.

Имамадин Зәкірұлы 1953 жылы Арал ауданы Ақбасты ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын совхозда қарапайым учаске шеберi болып бастап, мұнай саласында бірнеше жылдар бойы тер төгіп, облыс әкімінің орынбасары, қала әкімі қызметтерін абыроймен атқарды. Коммуналдық салаға жетекшілік жасаған кезеңде газдандыру ісіне ерекше мән берді. Әсіресе, бу қазандықтарын жаңғыртуда батыл қадамдар жасап, жылу жүйесінің тұрақты жұмыс ырғағын қалыптастырды. Жеті бірдей бу қазандығын салуға, 50 мегаваттық электр энергиясын, қосымша жылу көздерін өндіруге бастамашы болды.

– Туған жеріңіздің жанашыр азаматы ретінде Қызылорда қаласының келбетін, шырайын арттыруға қосқан елеулі еңбегіңізге құрметпен қараймыз. Сіздің араласуыңызбен аймақтағы көптеген әлеуметтік нысандар мен тұрғын үй құрылысы саласында жобалар сәтті жүзеге асты. Сол арқылы жұмыспен қамтылған азаматтардың үлесі артты. Қаланың бас жоспары қайта қаралып, заманауи үлгідегі нысандар еңсе тіктеді. Орталық мешіттің іргетасының қалануына себепші болдыңыз. Сындарлы сәтте ел мүддесі үшін аянбай қызмет атқарғаныңызды тұтас ел бағалайды. Бүгінгі мерей, сіз шыққан абырой осының айқын дәлелі десек артық болмас, – деп толықтырды облыс әкімі. Осы ретте аймақ басшысы мерейтой иесіне облыстың Құрмет грамотасын табыстап, иығына шапан жауып, ілтипат білдірді.

Басқосуда теңізді өлкеден түлеген Имамадин Зәкірұлы туралы әріптестері, замандастары жылы пікір білдіріп, оның азаматтық болмысын аша түскендай болды.

– «Ел азаматымен еңселі» деген. Қиын да өтпелі кезеңде әлеуметтің әлеуеті үшін істің иінін тауып, барды ұқсата білу тек жанашыр азаматтардың ғана қолынан келеді. Бұл істе туған жерге ту тіккен азаматтардың қатарында қолтаңбасы ерек мерейтой иесімен сонау жетпісінші жылдың ортасынан аралас-құраласпыз. Еңбектің қай саласында болмасын абырой биігінен көріне білді. Біз оның дос ретінде бойындағы асыл қасиеттерін жақсы білеміз. Сабырлығы, қарапайым мінезі, кішіпейілдігі, еңбеккештігі көп адамға үлгі боларлықтай, – деді облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев.

Мұнан кейін қоғам қайраткері, Жаңақорған, Қармақшы аудандары мен Қызылорда қаласының Құрметті азаматы, «Парасат» және «Құрмет» орденінің иегері Бекмырза Еламанов сөз алып, мемлекеттік қызметте бірге атқарған жұмыстары жайлы әңгіме айтты. Арда азаматтың біліктілігі, әр істегі жауапкершілігі мен адалдығы айшықтап тұратынын атап өтті.

– Имамадин Зәкірұлының өмірінен бір ғана мысал келтірейін. Мен ол уақытта Жаңақорған ауданында әкім болдым. Күкірт қышқыл зауытының құрылысы бізде салынатын болды. Зауыттың іргетасынан бастап, барлық технологиялық құрал-жабдығына дейін жасап берген мықты маман ретінде бағалаймын. Сол зауыттың басында түнеп, таңғы жетіде жұмысыларды жиып жұмысты жоспарлап, кешкі сегізде оның есебін талап ететінін көзбен көрдік. «Мен құрылысшымын, химия жағынан хабарым жоқ» деп айтпады. Нөлден бастап жұмысты өзі алып шықты. Ертеңіне зауыттың ашылуы болады деген күні басқа жұмысқа ауысып кетпесі бар ма? Бірақ шетелдік инвесторлар да, жергілікті жұмысшылар да күні бүгінге дейін «Имекеңнің арқасында салынған зауыт» деп айтып жүрді. Уақытпен санаспай, отбасым бар деп артына қарайламай осы жауапты істі соңына дейін табандылығымен алып шықты. Жан-жақты, сегіз қырлы бір сырлы әріптесіме зор денсаулық, қажымас қайрат тілеймін, – деп ақжарма тілегін жеткізді.

Мерейтой иесіне ыстық ықыласын білдірушілер қатарында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Қызылорда қаласы және Жалағаш ауданының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Қылышбай Бисенов те болды.

– Мен Имекеңді институтта жүрген кезінен білемін. Алдыңғы курста оқитын оның әрбір тиянақты жұмысы бізге үлгі еді. Бұл азаматты туабітті инженер десек артық айтпағанымыз. Өзі жұмыс істеп жүріп, Жамбыл гидромелиорациялық құрылыс институты филиалының құрылысшылар мен су шаруашылық инженер мамандарын даярлауға атсалысты. Дипломдық жоба жүргізіп, оларға сарапшы болды. Облысқа Икрам Адырбеков әкімдікке келгенде мықты инженерлерді іздеп, нәтижесінде Имамадин Зәкірұлының іскерлігіне тәнті болғанын да ел біледі.

Қазақта «Құданы құдай қосады» дейді. Бірге оқығанымыз өз алдына, бүгінде балаларымыздың қалауымен құда атанғанымызға бірнеше жылдың жүзі болды. Қазір ортақ немерелеріміз бар. Алды Қазақ Ұлттық университетінде, одан кейін Назарбаев зияткерлік, Білім-инновация мектептерінде білім алуда. Имекеңнің өнегелі жолы, мазмұнды ғұмыры жалғаса беріп, денсаулығы зор болсын, – деді.

Еңбек ардагері, Арал ауданының құрметті азаматы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Қуанышқали Шапшаңов ағалық ақ батасын беріп, бар өмірін халықтың игілігі жолына арнаған азаматтардың өнегелі жолын ұлықтаудағы игілікті іске алғыс білдірді.

Сыр елінде елдік мүддені ұлы мұрат жолына байлаған, парасаты биік, адами болмысы ерек абыройлы азаматтар жетерлік. Алдағы уақытта да мұндай жандар марапат мінберінен көрініп, олардың ғибратты ғұмыры кейінгі толқынға үлгі етіле бермек.

ИМАМАДИН ОҢҒАРБАЕВ – 70

БІЛІМДІ, БІЛІКТІ, БІРЕГЕЙ

Сыр елінің бүгінгі өскен-өркендеген кескін-келбетіне айшықты қолтаңба қалдырған аға буынның еңбегін қарапайым көпшіліктің біле бермеуі мүмкін. Аймағымыздың әрбір жетістігінде сол адамдардың маңдай тері мен алақанының ыстық табы бар. Азаматтық асқақ тұлғасын қарапайым болмысына сыйдырып, мен былай қылып едім демейтін сондай тұлғалар қатарында Имамадин Оңғарбаевтың есімі алдыңғы қатарда тұрады десем, ақиқатым – осы.

Имекеңмен сонау 2004 жылдан бастап етене араластым. Ол кезде мен облыс әкімінің орынбасарымын, Имекең қала әкімінің орынбасары болатын. Қаланың өндіріс, тұрғын үй, жылу, су, электр жарығымен қамтамасыз ету саласына жетекшілік жасады. Бұл әкімдік жұмысының қайнап жататын, түйткілі көп бөлімі болып саналады. Тіпті, сол кезде әкімдік тек қана жылу, су, электр мәселесімен ғана айналысатындай көрінетін. Имекең осы саланың жетекшісі есебінде тынымсыз жұмыс үстінде жүрді. Бұл қалаға газ келмеген уақыт, мазут қымбат. Қаланы жылумен қамтамасыз ету сын көтермейді. Кеңестік заманда салынған жылу орталығы тозығы жеткен. Кәріз жүйелерінің кенеуі кеткен. Ауызсу мәселесі айтылса ащы терінді шығарады. Қаланы ауызсумен қамтитын «Водаканал» мекемесі жекенің қолына көшкен. Бюджетте қаражат тапшы.

Қала әкімі Мұрат Үдербаев пен Имекең екеуі бірлесіп отырып, осы мәселелерді облыс әкімі Икрам Адырбековтің алдына қойды. Бұл енді жай ғана мәселе етіп қойса, орындала салатын жайт емес. Оған нақты ұсыныс, қиын түйінді шешетін жол табу керек.

> Икрам Адырбекұлы өте талапшыл еді, алайда, қандай істі болса да ақылға салып шешетін. Ауызсу мәселесіне байланысты салалық мамандардың ой-пікірін тыңдап, «Водоканал» мекемесі бюджет есебіне қайтарылды. Осыған орай кәсіпкерлерді жинап, қалаға көмек беру туралы үйлестіру жұмыстары жүргізіле бастады. Жиналған қаржы ауызсу мен кәріз жүйесін жөндеуге жұмсалып, осыдан кейін ғана су мәселесі бір жөнге келтірілді. Әбден тозығы жеткен ауызсу құбырларының бір жерін жөндесең, екінші жері қайта жарылып жататын. Қалаға жылу маусымында жылу берілмейтін. Осы кезде Имамадин Оңғарбаев КМРЦ қазандықтарын реконструкциялау, олардың қасына газды пайдаланатын жаңа қондырғылар қою туралы ұсыныс жасады. Оның техникалық мүмкіндіктерін мамандармен бірлесе отырып есептеп, тиімділігін көрсетіп берді. Сол ұсыныстың арқасында қаланың мөлтек аудандарына шағын жылу орталықтарын орнату жұмыстары іске асты.

Сонымен бірге, жылу трассасындағы үлкен құбырлар қаптаусыз, жалаңаш жататын. Сондықтан ыстық су қаланы аралап, қажетті жеріне жеткенше қанжылым күйге түсетін. Осы жағдайды көріп, жылу құбырларына орама жүргізу жұмысына да мұрындық болған Имекең еді.

Имекеңнің іскерлігінің арқасында арыздан көз ашпайтын көптеген кемшіліктер майдан қыл тартқандай білінбей, бір істің артынан бір іс осылайша орайын тауып жатты.

Аймақ басшысы Имамадиннің осындай біліктілігін көрді, бағалай білді. Сондықтан оған жоғары жауапкершілік жүктеп, өзінің орынбасарлығына шақырды. Сөйтіп ол 2005 жылдан облыс әкімдігінінөнеркәсіп және құрылыс саласын басқарды. Талап күшті, жұмыс ауыр, бірақ, Имекеңнің сала басшысы ретінде бірде-бір рет ескерту алып, жұмысына сын тағылғанын көрген жоқпын. Бұл жерде маманның ең алдымен білімділігі көрініп тұратын. Менің білуімше, Имекең мектепті де, институтты да үздік бітірген. Ал сол білімін тәжірибемен толықтыруда өзін аямайтынын, бейнет қылдым деп міндет қылмайтынын көзіммен көрген адаммын.

Осы жылдары облыс әкімдігімен бірге Имамадин де су тасқыны, Қармақшы ауданының Т.Көмекбаев, Қуандария ауылдарының маңына зымырантасығыштың құлауы, қаланы газдандыру сияқты бірнеше ірі мәселелермен бетпе-бет келді.

Дария тасуынан Сырдария, Жалағаш аудандарын су басу қаупі туды. Жаңақорған ауданындағы Төменарық ауылының бірнеше үйін су шайып кетті. Ел әбігерге түсті.

Қала шетіндегі саяжай тұрғындарын су кешіп жүріп, оқу орындарының жатақханаларына көшірдік. Сондай сын сағатта Имекең екеуміз түнімен дария жағалап, далада, көлігіміздің ішінде ұйықтайтынбыз. Мұндай кездерде осындай азаматпен қызметтес болғаныңа шүкір дейсің. Жүрегі батыр, қоркасоқтау жоқ. Мынау енді не болады деген уайымға салмайды, жақсы сөзімен шаршағаныңды ұмыттырып жібереді. Асып-сасып жүрген адам оның сабырлы, қарапайым қалпын көргенде бойын тіктеп, қуат алады.

Имекең қаланың газдандыру жұмыстарына көп еңбек сіңірді. Осыған байланысты өзім білетін мына бір жайтты айтсам болады. Газдандыру жұмысына қатысты мемлекеттік сатып алу бойынша жарияланған тендерді ресейлік компания ұтып алған еді. Жергілікті басшылық тарабы олардан оң жұмыс талап етті. Ал олар жұмыс жүргізуге асықпады, «газдандыру жергілікті құрылысшылардың қолынан келмейді, бізсіз оны атқара алмайсыңдар» деген көзқарастарын да жасырмады. Ал тұрғындар үйлерінде күндіз көрпеге оранып отырды. Осы кезде өзін суықтың өтінде қалғандай сезінген Имекең облыс әкімінің орынбасары есебінде тосын қадамдарға барды. Таразы басында халық тағдыры тұрғанда ештеңеден тартынбады. Қайтадан тендер жариялап, жұмыс жасай алатын лайықты мамандарды тапты. Қатарда жүрген өз мамандарымыз ресейліктердің игермей кеткен ақшасын тиімді жұмсап, келесі жылға қаражат алу үшін ұсыныс түсірді. Сонда жергілікті мамандарды бағаламай жүрген ресейліктер өз кемшіліктерін мойындап, жөндерін тапты. Олардың облыс әкімінің орынбасары бізге не қауқар қылар деген ойы орындалмады.

2005 жылы қалаға толық жылу беріле бастады. Осы жылдың аяғына таман, қазан айында Имамадин Оңғарбаев қала әкімі болып тағайындалды. Бұрынғыдан да артығырақ жауапкершілік жүктелді. Осы қызметінде Имекең өзіне тиісті болған барлық міндетті абыроймен алып жүрді. Халыққа жақын болды. Іздеген адамға тар кабинетінен емес, кең ел-жұрттың ортасынан табылды. Мен оның осы бір жауапкершілікті жанымен сезіне білетін, іскер, жанашыр мінез ерекшеліктерін айрықша айтқым келеді.

> Қала басқару оңай ма, жоғарыдан қатаң тапсырма, ел-жұрттан талап-тілек толастамай түсіп жатады. Басшының өзіне арнайтын уақыты болмайды. Имамадиннің қала әкімдігінде қызмет еткен аз ғана мерзімде көптеген мәселенің түйінін тарқата біліп, еңбектенгенін біз жақсы білеміз. Ол жылдар экономикалық тұрғыдан қиын кезең еді. Жаңа айтып отырған жылу, су, жарық, тұрғын үй деген мәселенің бәрі басына тартсаң, аяғы ашық қалатын жағдайда болды. Имекең соның бәрінің оябын тауып, білімділігімен, біліктілігімен орындай алды.

Мен 2008-2012 жылдары Жаңақорған ауданының әкімі болып қызмет еттім. 2010 жылы Имекең «Қазатомөнеркәсіп» басшыларының шақырумен Жаңақорған ауданында салынып жатқан СКЗ-U күкірт қышқылы зауыты директорының бірінші орынбасары болып қызметке барды. Екеуміз бір ауданда жүрген соң қызмет бабымен де, жай тіршілікте де жақын араластық.

Бұл – күкірт қышқылы зауыты құрылысының қара жерден басталған кезі. Қайда жүрсе де шоққа суарылатын болаттай қиын істің ортасына түсетін Имекең бұл міндетін де мүлтіксіз атқарды. Негізінен еуростандартқа сай салынатын зауыттың құрылыс жұмысын жапондық компания алған еді.

Зауыт Қазақстанның уран өнеркәсібін жерасты шаймалау әдісімен уран өндіру технологиясындағы ең басты реагент болып табылатын күкірт қышқылымен қамтамасыз етуге арналған. Сондықтан оның құрылысы да күрделі, мамандарға қойылатын талап та қатаң. Жапон мамандары Имекеңнің тәжірибесіне сенді, жауапкершілігін бағалады. Әйтпесе, олардың мұндай жауапты істі екінің біріне ұстата салмайтыны аян.

Имекең сыртта жүріп, күн-түн демей, көп жұмыстың көзін тауып, арынын басты. Ол кімге қандай іс тапсыру керектігін жақсы біледі. Оған қоса адаммен тіл табысу, әркімге құрметпен қарау, біреудің жағдайын өз жанынан өткізе білу – Имекеңнің нақ бейнесі.

Мұнан кейін Имамадин «Қазсушар» РМК «Арал ОДСП Қызылорда филиалының директоры қызметіне тағайындалды. Бұл жұмыста да алдынан көлденеңдеп шыққан қиындықтар аз болмады.

Ол кезде елді мекендер топтық су құбырларынан су ішетін. Осы жұмыстарда Имамадин басшы есебінде қордаланған көп мәселелердің түйінін шешті.

Облыстағы көлдер жүйесіне баратын су жолдарының тазалануына, экологиялық жағдайдың жақсаруына, көлдер жүйесінде балық шаруашылығының дамуына үлкен үлес қосты. Елді мекендерді ағын сумен қамтамасыз ету мақсатында бірнеше түтікті құдықтар қазылып, елдің алғысын алды.

Арал, Қазалы аудандарын «Сарыбұлақ» жерасты, Жаңақорған, Шиелі аудандарын «Жиделі» жерасты таза ауызсуымен қамтамасыз етуде қажырлы еңбек етті.

> 2012 жылы қыс қатты болды, топырақ қабатының қату тереңдігі 2 метрден асып кетті. Осыған байланысты тозығы жеткен құбырлар температуралық өзгеріске ұшырап, магистральды құбыр бойында ондаған апаттар орын алды. Қалыптасқан жағдайға байланысты Қазалы мен Сырдария аудандарында ауызсу мәселесі туындады. Екі ауданның халқын ауызсумен қамтамасыз ету үшін резервтен жүз миллиондаған теңге бөлініп, апаттық учаскелер жөнделді. Бұл – сол кезде өте қомақты қаржы. Осы қаржыға Имамадиннің табандылығы арқасында қол жетті.
>
> Сол қаражатты игеру үшін Қызылордадағы құрылыс мекемелерінің басшыларын жұмыс істеуге көндірген де Имекең еді. Өйткені, ол мекемелер бұл жұмыстан пайда көрмеді, ел мүддесі, одан беріде Имекеңмен арадағы сыйластық оларды осы ауыр жұмысқа жұмылдырды.

Сол мердігерлер құбыр тарту, сорғы стансаларын орнату, жер бедеріне байланысты вантуз қондырғыларын қою секілді жұмыстарды атқарды.

Негізі екі су құбыры жүргізілу керек. Өйткені, бірі істен шықса, халық сусыз қалмас үшін екіншісін қосу қажет. Сол кезде Арал, Қазалы елді мекендеріне ұзындығы екі жүз шақырым екінші су құбыры тартылды.

Ел қиналғанда ер болмысын таныту әркімнің еншісі емес. Оған үлкен ұйымдастырушылық қабілет, жеке бастың абырой-құрметімен бірге, елге, жерге деген махаббатқа толы үлкен жүрек керек.

Мұнан кейінгі жылдары тікелей Имекеңнің басшылығымен Шиелінің «Жиделі» топтық су құбырын, Жаңақорғанның «Талап», «Сырдария» топтық су құбырлары қайта жаңғыртылды.

«Талап» топтық су құбырының құрылыс жұмыстарына қажетті қаржы бөлініп, ауылға таза су тарту жұмысы жүргізілді. «Талап» топтық су құбыры бойынша Шалқия, Құттықожа, Бірлік, Қыраш, Қосүйеңкі, Манап, Бесарық, Кеңес, Кейден, Талап, Ақкұм және Бесарық стансаларына құбыр тарту жұмыстары жасалды. Осы жобаға қаралған миллиондаған қаржы игерілді. Онан кейін атқарылатын жұмыстар үшін келесі жылдарға тағы қаржы қаралды. Сол қаржыға Бірлік ауылына дейін тартылатын су құбыры жүргізілді. Бас тоғаннан Бірлікке дейін он шақырымнан астам аралықта құбыр тартып, су желісіне қосылды.

Мен осы кездерде Жаңақорған ауданының әкімі, облыстық мәслихат хатшысы, ҚР Парламенті Сенатының депутат болдым. Қай жерде жүрсек те елдегі жұмыстың бәрі көз алдымыздан өтті. Сол жетістіктерге жету жолында өзімізге қатысты болған міндеттерге араласып отырдық.

> Айта берсек, Имекең атқарған жұмыстар бір мақаланың жүгі емес. Елге жасаған еңбегі жөнінен Имекең – облыстың айнасы дейтін абыройлылар қатарында тұрған тұлға. Біздің ең негізгі айтпағымыз бұл кісінің адами мінез, қадір-қасиетке бай екендігі. Көп ішінде тұйық, өзін алға шығара бермейтін Имекеңнің дос ішінде әдемі әзіл, тапқыр сөзімен ерекшеленетіні бар. «Биік төбеге шықсаң көзің ашылады, жақсымен сөйлессең көңілің ашылады» дегендей, осы бір жылы жүзді жанның сол мінезі айналасындағыларды өзіне еріксіз баурайды.

Имекеңнің зеректігі, зейіні ерекше. Анда-санда заң аясынан аспай аңға, балыққа шығатын құмарлығымыз бар. Ондайда Имекеңді алдымызға саламыз. Өйткені балықшының баласы табиғаттың қыр-сырын жақсы сезінетіні өз алдына.

Сондай бір аң аулаған күні Жаңадарияның бойын жағаладық. Бір кезде дарияның шетінен әлдекім құрып қойған аудың жібі шығып жатқанын байқадық. Мұз астында қалыпты. Қашаннан құрылы жатқанын кім білсін. Имекең осы ауда балық бар деді. Біз бұған сенбедік, болса да ол балықтар әлдеқашан өліп қалған шығар. Бірақ, Имекең мұзды ояйық деген соң, машинадан әртүрлі темір-терсек тауып, қалыңдығы отыз-қырық сантиметр болатын мұзды сүңгілеп оя бастадық. Қара терге түстік. Шынында ауда бес-алты сазан бұлқынып жатыр екен. Имекеңнің айтқаны келді, біз таңғалдық. Балықты алған соң: «Енді аудың егесіне ақысын тастап кетуіміз керек. Бұл – балықшылардың дәстүрі», – деді ол. Біз мұны да білмейтін едік, сөйтіп, қалтамызды қарманып, біраз ақшаны шүберекке түйіп, аудың жібіне байлап кеттік.

Имекең сырт көзге жай қимылдайтын, шабан адам секілді көрінеді. Ал оның әбжілдігін жанында жүргендер жақсы білеміз. Ойда-жоқта қырғауыл пыр ете қалса, біз мылтығымызды оңтайлаймыз дегенше, Имекең атып түсіреді. Оғы далаға кетпейтін мергендігін өзі мақтаныш қылмайды, ал көрген адам таңырқап тұрады.

Имекең ешкімнің көңілін қалдырмайтын адам. Лауазымды қызмет еткен кездерінде де оған өкпелі жан болған жоқ, тек алғыс білдірушілер болды. Жалпы адам көңілін қалдыру – халқымыздың дәстүрінде де, дінімізде де ауыр нәрсе. Осыған бір мысал айтайын.

Баяғыда бір әйел кісі ауыл арасында келе жатып қолына шыбық алып, аяқ жолдың үстін сызғылап отырған бір балаға кезігеді. Оның қылығын қызықтап:

– Балақай, не істеп отырсың? – деп сұрайды.

– Жәннатты телімдеп, сатып отырмын, – деп жауап береді бала.

– Маған да жәннаттан аз ғана жер телімін берсең қайтеді? Бағасы қанша тұрады? – деп сұрайды.

– Екі тіллә тұрады, – дейді бала.

Әйел балаға айтқан ақшаны ұстатып, басынан сипап өз жолымен кете барады. Сол күні түс көреді. Түсінде жәннатта жүр екен. Ертеңіне ол кешегі оқиға мен көрген түсін күйеуіне айтады.

Мұны естіген отағасы әйелінің айтқан жеріне барса, әлгі бала айтқандай-ақ жол үстін сызғылап отыр екен.

– Не істеп отырсың? – дейді ол балаға.

Бала жәннатты телімдеп, сатып отырғанын айтады.

– Онда сен маған жәннаттың бір телім жерін бер. Бағасы қанша?

– Екі жүз мың тіллә!

– Сен не деп тұрсың?! Әйелімнен екі тіллә алыпсың, маған неге осынша қымбат айтасың? – дейді оған әлгі адам.

– Алайда, әйеліңіз ол ақшаны жәннатты алу үшін емес, менің көңілімді табу үшін берді. Сіз өз басыңызды ғана ойлап тұрсыз. Жәннат арзан да емес, қымбат та емес. Жәннатты алуды көңілді табудан бастау керек, – деп жауап береді бала.

Бұл баланың кім екенін білмейміз. Менің білетінім Имекең де – әр істі адамның көңілін табудан бастайтын кісі. Мүмкін әлгі мысал әңгімені осындай зиялы жандардың бейнесін жасау үшін ойдан шығарған шығар. Не де болса ойға қонымды. Өйткені, ондай адамдар өмірде бар, солардың бірін біз де айтып отырмыз.

Бұл мысалдар Имекеңнің бойындағы ептілік, ермінезділік, байқағыштық, байсалдылық секілді қасиеттерін паш етеді. Жалпы ол кісінің басқадан бөлек, көптен ерек мінез-құлық, жақсы қасиеттердің иесі екенін айтқым келеді.

Қазақта бірегей деген сөз қолданылады. «Бір де болса бірегей, сүт бетінде кілегей» демеуші ме еді. Имекең де – өз замандастарының ішінде қаймақтай қалқып алып көрсететін, мақтан тұтуға лайық бір бейне.

Бекмырза ЕЛАМАНОВ,
қоғам қайраткері,
Қызылорда қаласының
және Қармақшы, Жаңақорған
аудандарының құрметті азаматы

Ізденген адамға мүмкіндіктер есігі ашылады

Бүгінде шетел асып білім алам деген жандарға барлық мүмкіндік жасалған. Кейіпкеріміз Маржан Ердібек АҚШ-тың Огайо университетінде білім алуда. Шетелде білім алуды көздеп жүрген жастар нені білуі керек? АҚШ-тағы студент өмірі мен мүмкіндіктер, қандай ерекшеліктері бар? Назарларыңызға «Болашақ» бағдарламасымен магистратурада білім жетілдіріп жатқан жерлесімізбен болған сұхбатты ұсынамыз.

– Әңгімемізді АҚШ-қа қалай оқуға барғаныңыздан бастасақ. Нақты осы елді таңдауыңызға не түрткі болды? Университеттегі бағдарлама туралы айтып өтсеңіз...

– Менің мамандығым – «Ересектерге білім беру және адам ресурстарын дамыту». АҚШ – бұл салада өте дамыған мемлекет. Сол үшін Огайо университетінде «Болашақ» бағдарламасы арқылы тәжірибе алмасып, білімімді одан әрі еселеудемін. Бір қызығы, 2020 жылдың қорытындысымен осы мамандықты оқыту бойынша бұл оқу орны АҚШ университеттері арасында I орынға ие болды. Ал жалпы «Болашақ» бағдарламасына келсек, ерекшелігі сол, студенттің барлық шығынын мемлекет өтейді. Оған сіздің жатақханаңыз, оқу ақысы мен шәкіртақы кіреді. Қалған шығындарыңызды қажеттелігіңізге қарай өзіңіз көтересіз. Ол жақта курс өте қымбат болғандықтан, біршама шығындаласыз. Тамағы да, киімі де бізге қарағанда қымбатырақ.

– Екі елдің оқу бағдарламасын салыстырмалы түрде айтсаңыз. Сізге қайсысы, несімен ұнады?

– Маған ұнайтыны – еркіндік. Студенттердің де, оқытушылардың да киім үлгісін еркін. Бастысы, адамның өзіне жайлы. Оқу бағдарламасында нұсқауланған сабақты және мұғалімді өзіміз таңдауымызға мүмкіндік жасалған. Қазақстанда мұғалімдер көбіне студенттерді міндеттейді. Сабаққа келмей қалсақ, «жоқ» деп белгілейді, балынды төмендетеді. Ал шетелде сізді олай ешкім қинамайды, профессорлар бұндай мәселеге басын мүлдем ауыртпайды. Ең бастысы – емтиханда барып, бүкіл тапсырманы тапсыруға міндеттісіз. Егер сабаққа бармасаңыз, оны тапсыра алмайсыз. Сондықтан әркім өзі үшін барады.

Тағы бір айырмашылығы – профессорлар мен студенттердің қарым-қатынасында. АҚШ-та студент кез келген уақытта профессорларға барып, өзін мазалап жүрген сұрақтарын қоя алады. Ол жақта WhatsApp деген түсінік жоқ, мұғалімнің поштасына жазасыз. Барлығы пошта арқылы жауап береді, яғни, мұнда электронды пошта мәдениеті қалыптасқан.

– Американдықтардың өмірі, күнкөрісі қандай?

– Америкада бәрі тең құқылы. Мемлекет тарапынан қандай дәрежедегі отбасы болсаңыз да, тегін азық-түлік алуға болатын жерлер бар. Мен тұрып жаттан штатта адамдардың ритмі басқаша, яғни, көпшілігі жұмыс істеуге емес, қолын жайып отыруға бейім. Мұнда айлықты жұмыс істеген сағатына алады. Сондықтан олар бір жұмыспен шектеліп қалмайды. Трейдинг секілді қосымша табыс алып келетін мүмкіндіктерді пайдаланады. Бос уақыттарында еріктілікпен, қайырымдылықпен айналысады. Тағы бір ерекшелігі, мұндағылар бала-шаға, ағайынтума үшін өмір сүрмейді. Өзі үшін өмір сүреді, жұмыс істейді, әлемді саяхаттайды деген секілді. Мұндағылар итті көп асырайды. Сондықтан біздегідей далада қаңғып жүрген ит көрмейсіз.

– Сіздің салаңыз АҚШ-та қаншалықты дамыған?

– АҚШ – заманауи ел. Мұнда дүкендер, ғимараттар, сауда үйлері, тіпті штаттың әрқайсысы бір-бірінен ерекшеленеді. Далаға шығып, серуендегеннің өзінде бойыңыз мотивацияға толады.

Мамандық пен жұмыс бойынша да жақсы дамыған, мамандар жоғары айлық алады. Менің мамандығым – жұмысқа орналасқалы жатқан кадрларды даярлау және олардың үздіксіз білім алып, жұмысты сапалы жасауын қамтамасыз ету. Бізде ол қызметті кадр бөлімі атқарады. Негізі Қазақстанда менің саламдағы мамандар тапшы.

– Жалпы, АҚШ-ты көргеннен кейінгі әсеріңіз қандай болды? Қандай жерлеріне бардыңыз, қайда саяхат жасадыңыз?

– Әлем көз тіккен озық мемлекет болғандықтан шығар, өз басым ерекше әсер алдым. Тек маған ұнамайтыны барлық жердің ас мәзірі тез даярланатын тағамдар және тәттілерден тұрады. Құнары мол табиғи азық-түлік алғыңыз келсе, соған қарай бағасы да өседі. Бір қызығы, мұнда барлық ұлттың өкілін көруге болады.

Көптеген тілдік және бизнес мектептері, колледждер мен ЖОО әлемнің түкпір-түкпірінен студенттерді тартады. Американдық университеттер теориялық әзірлемелер мен практикалық зерттеулерде де ең озық талаптарға сай болуға тырысады. Мұнда оқу бағдарламаларындағы ең үздік техникалық жабдықтауы жаңадан келген зерттеуші үшін үлкен мүмкіндік береді және таңдаған мамандыққа деген қызығушылықты оятады.

АҚШ-та саяхаттау қолжетімді. Мәселен, әр адамның ай сайынғы табысы саяхат жасауына жетеді. Ал мұндағы саяхат сөзсіз көзқарасты өзгертіп, жаңа энергияға толтырады. Әр штаты, әр қаласы – әртүрлі әлем. Маған әзірге әлем кереметтерінің бірі – Ниагара сарқырамасын көру бұйыртты. Ешқандай камера ол сұлулықты жеткізе алмайды. Атлант мұхитының жағалауында орналасқан Майами де маған ерекше ұнады. Мұхиттан соққан самал желі, жағажайлары адамға ерекше жылылық береді. Десек те, қымбат қалалардың бірі. Ал Мичиган көлінің жағасында орналасқан Чикаго – халықаралық қаржы, мәдениет, коммерциялық қызмет, индустрия, оқыту, технология, телекоммуникация, және транспорт орталығы. Ауа райы мұнда өте құбылмалы. Көбіне суық. Адамдарының тез өмір сүру ритмі Астананы еске салады. Жалпы, көбіне қазақтар осы қалада тұрақтауды жөн көреді. Алда басқа штаттарды аралау жоспарымда бар.

– Шетелде оқыған студенттердің көбі Қазақстанға оралмай жатады. Себебі неде деп ойлайсыз? Сіз елге қайта ораласыз ба?

– Шетелде оқыған студенттердің елімізге оралмай қалуына әртүрлі фактор әсер етеді. Оның негізгісі – шетелдік университетте алған мамандық бойынша Қазақстанда жоғары жалақы беретін жұмыс табудың қиындығы. Тіпті, кей мамандықтар бізде мүлдем жоқ. Сол себептен жақсы білім алғаннан соң әлемдік компанияларда өз жолын тауып, мансабын жақсартуға тиімді мүмкіндікті пайдаланады. Ал өзіме келсем, «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты ретінде оқуды тәмамдаған соң өз елімде жұмыс істеуім қажет.

– Жергілікті тұрғындардың шетелдік студенттерге деген көзқарасы қандай?

– Шетелдік студенттер көп болғандықтан, мұндағы адамдар үшін қалыпты жағдай секілді. Әрдайым көмектесуге әзір, тіпті университеттегі шетелдік студенттерге арналған ұйым ел мәдениеті мен өміріне үйренісу үшін арнайы кездесу, өзге де шаралар ұйымдастырады.

– АҚШ-та студент қанша ақшамен өмір сүре алады? Онда қосымша жұмыс істеуге мүмкіндік бар ма?

– Американың әр штатында баға да, жағдай да, табиғат та әртүрлі. Мәселен, атақты Нью-Йорк, Лос-Анджелес қалаларында өмір сүру үшін 2000$ аздық етеді. Себебі үйді жалға алу қымбатқа түседі. Пәтерді басқалармен бөлісіп тұруға тура келеді, яғни, үй бағасы орналасқан жеріне байланысты өзгеріп отырады. Сондықтан бір ғана степендиямен өмір сүру жеткіліксіз. Ал отбасымен келушілер үшін үлкен қалаларда тұру алғашқы кезде қиындық тудырады. Сонымен қатар, азық-түлік, көлік секілді шығындар бар. Менің университетімнің студенттік картасы арқылы көлікте тегін жүруге болады. Мұнда заңды түрде шетелдік студент аптасына 20 сағат университет кампусында жұмыс істеуіне рұқсат. Оқу мен жұмысты тең алып жүру студенттің өзіне байланысты.

– Айтпақшы, қазақтар мен американдықтардың ұқсастықтары бар ма екен?

– Американдықтар барлығын алдын ала жоспарлауды, уақытпен санасуды үйретеді, яғни, ешқандай жерге кешікпеу қажет. Кешіккен жағдайда алдын ала қайтадан жазылуға тура келеді. Біз де соны үйренуіміз қажет. Білесіз бе, мұнда тіпті, жұмыста отырған артық сағат үшін де қосымша ақысын береді, яғни, адам ақысын жемейді. Кезекте сабырмен күтіп тұратыны да таңғалдырады.

– Соңғы сауал. Шетелде оқығысы келетін студенттерге қандай кеңес бересіз?

– Шетелге оқуға бару үшін алғашқы қадамды ағылшын тілін үйренуден бастаңыз. Тіл үйренуге бірнеше ай емес, жылдар кетеді. Сол үшін арасын үзбей, тоқтаусыз тіл үйреніңіз. «Бір немесе екі айда бір деңгейді меңгере аласыз» деп жарнама жасап, адам тартатындарға сену қиын. Себебі тілдің деңгейін көтеру бөлек және оны сол деңгейде ұстап тұру бөлек. Бір деңгейді толық әрі нақты игеруге кемі жарты жыл кетеді. Өзіңізді түрлі жастар жобаларында байқап көріңіз. Гарвард секілді топ университеттер сайтынан тегін курстар үйреніп, сертификат алыңыз. Мұнда білім алғыңыз келсе, түйіндемеңізде сіздің деңгейіңізді көрсете алатындай, іліп алар дүние болуы шарт. Өйткені, шетелдік оқу орнына түсу үшін академиялық жетістіктен бөлек, қоғамға көрсеткен еріктілік қызмет жоғары бағаланады.

Екіншіден, мүмкіндіктерді іздеп әрі пайдаланып үйреніңіз. Сізге келіп ешкім шетелде оқытатын бағдарлама тауып бермейді. Өзіңіз ізденіп, қажеттіліктеріңізді қанағаттандырсаңыз, мүмкіндіктер есігі ашыла береді. Білім алуға ешқашан кеш емес. Менімен бірге зейнет жасынан асып кеткен егде жастағы кісілер оқиды. Ең бастысы, арманыңыздан бас тартпаңыз. Барлығы үздіксіз іздену, тоқтаусыз еңбекпен келеді.

– Ашық әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен
Ақтілек БІТІМБАЙ,
«Сыр бойы»

Әбдірахманның жастық шағы қала іргесіндегі Абай ауылында өтті. Әскери борышын сонау Сахалинде өтеді. Бурят жеріндегі авиация училищесінде курсант болды. Әскери сержант шенін иеленіп, туған жерге оралды. Жұмыс таңдаған жоқ. Бесаспап механизатор, комбайнер-жаткист болды. Абырой-атақтан, мақтаудан кенде болған жоқ. Бүгінгі әңгімеде ардагер Әбдірахман Сағындықов жайында сөз қозғауды парыз тұттық.

Әлгі әзірде туған жері Абай ауылынан оралды. Қатарластары сиреп қалғанын әңгімелеп отыр. Бір кездері Абай ауылының күріш өсіруден даңқы аспандап тұрған-ды. Ғани Жиенбаев, Бәйімбет Шаханов, Нартай Әбуов, Сәнуар Сарбасов ел басқарған жылдары жүз мыңдықтар қатарынан орын алып, көшпелі «Қызыл туды» қолдан түсірмеген жылдарды еске алды. Жүйткіген уақыт-ай! Сексен бесінші көктемнің де жақындап қалғанын қарашы...

Иә, Әбдірахман Сағындықов жақында сексен беске толды. Ауылдастары қоғадай жапырылып, ыстық ықыластарын білдірді, мерейтойын дүркіретіп өткізді. Ауылдасы Аманкелді Дәрменбаев төгілте сөйледі. Еңбекке шыныққан Әбдірахманның еңбексүйгіштігін, бауырмалдығын айтып, жұртты бір серпілтіп тастады. Шымкенттен ат арыта келген құда-жегжаттарының сый-сыйпаты бөлек болды. Немере-шөберелері гүл шоқтарын төкті.

Сонау 1972 жылдың қоңыр күзі еді. Бірінші хатшы Еламан Жүнісбаев «Тауық», «Алтынбай», «Ешпан» учаскелеріндегі күріштікті аралап, еңбеккерлердің тынымсыз еңбегіне сүйсінгені бар. Хатшы «Ешпандағы» күріштікте комбайнды дөңгелетіп, дәнді тасқындатып жатқан жігітке бұрылады.

– Айналайын, атың кім? – деді хатшы.

– Мен комбайнер Әбдірахман Сағындықов боламын, аға!

– Күніне қанша астық бастырып жүрсің?

– Күніне 44 бункер! Жаткіге шықсам, күніне 10 гектар!

Хатшы риза болып, жас жігітті арқасынан қақты. Қатарластарының көрсеткішіне зер салды. Көбісі күніне 10-15 бункерден асырмайды екен. Ал Әбдірахман Сағындықовтың көрсеткіші – күніне 44 бункер! «Неткен керемет еңбек!» деп хатшы сүйсінді. Басшының ықыласынан соң оның тасы өрге домалай берді. Ауданда аты дүркіреп шыға бастады. Астық тапсырудың аяқталар салтанатына құрметпен шақырылды. «Еңбек Қызыл ту» орденін омырауына тақты. Бірінші хатшы Е.Жүнісбаев мінбеге көтерілді.

– Абай кеншарының механизаторы Әбдірахман Сағындықов пен машина-сынау станцасының күрішшісі Аманкелді Ахметовке «Москвич» автокөлігін сыйға тартамыз. Бұл екеуі – лайықты жұлдегер! Елді сүйсінткен нағыз азаматтар! – деді.

Хатшы сөзі жұртты дүр сілкіндірді. «Лайықты сыйлық. Бұлар – лайықты жұлдегерлер!» деген дауыс тұс-тұстан көкке көтеріліп жатты.

Абай ауылының мақтанышына айналған Әбдірахман Сағындықов бүгін сексен беске шықты. Ұл ұяға, қыз қияға қонған.

– Арманым жоқ. Аз жас емес. Ұлым Асылбектің, келінім Шолпанның қолындамын, 6 қыз, 2 ұл өсірдім, 25 немере, 27 шөбере сүйдім. Бұдан бірер жыл бұрын асыл жарым Ұлдана дүние салды. Өкінішім осы ғана, – деп көзінен тамған жасты орамалымен қайта-қайта сүрте берді. Бәрін ұмыттыратын, қуат сыйлайтын Асқар, Гүлмира, Эльвира бастаған немерелер, шөберелер.

Асқар таудай көш бастаушы әлі қуатты. Қою қара мұртын қырау шалмаған. Ағайынның жиын-тойынан қалмайды. Төрде отырады, ақ батаны жаудырады. Шежіре сөздің көмбесі секілді. Көршілері Пазылхан, Жеткергенмен сыйластығын әңгімелейді. Шіркін, сыйластық қандай қастерлі еді?!

– Баяғы аты дүркіреп шыққан Абай кеншары азкем тіршілікке көшкен. Егін көлемі де аз. Мыңғыртып жылқы, сиыр өсірген еді. Тауарлысүт фермасының ізі жоқ. Осы жағы өкінтеді, – дейді ол.

Еңбек ардагері, «Еңбек Қызыл ту» орденді абыз ақсақалдың сексен бесінші көктемі құтты болсын!

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,
Қазақстанның құрметті журналисі

Простатит, аденома, несеп шығару қызметінің бұзылуы, импотенция, бедеулік?!



Армысыздар, құрметті оқырмандар! Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 40 жастан асқан ер адамдардың басым бөлігінде урологиялық аурулар бар. Простатит, простата аденомасы, уретрит, кіші дәреттің жиілігі, белсіздік сынды аурулар егде жасқа жеткен ер азаматтарда ғана емес, сонымен қатар жастар арасында да белең орын алуда.

Простатит 95% жағдайда созылмалы, жұқпалы емес ауру түрінде кездеседі. Көбінесе оның пайда болуы зиянды әдеттерге, суық тигізуге, кіші жамбас мүшелеріндегі қан айналымының бұзылуына, сирек немесе бей-берекет жыныстық қатынасқа түсуге байланысты болады. Қуықасты безі қабынып, осы арқылы өтетін несеп жолы арнасын қысып тастайды. Соның салдарынан зәрдің шығуы тежеліп, зәр толыққанды шықпай, несеп қалтада зәрдің қалдықтары қалып қоя береді. Толық босатылмаған қалдық зәр қайта зәр сындыруға шақырып, дәрет арасы жиілейді. Мұның барлығы жайсыздық пен кіші жамбас аймағындағы ауырсынуға ұласады. Уақыт өте келе жыныстық қызметтің бұзылуы, ерлер күш-қуатының әлсіздігіне әкеліп соғады.

Емдеуді кейінге шегере отырып, ер адам өзіне үлкен қауіп төндіреді, өйткені ауру асқыну кезеңіне түскенде, мәселені хирургиялық жолмен шешуге тура келеді. Операция әрдайым 100% оң нәтиже бере бермейді. Оған қарамастан егде жас қарсаңында адамдар үшін қауіпті, себебі жүрек-қантамыр жүйесінің қоры азайып, ағзаның иммундық жүйесі әлсірейді

Егер де сіз, өз бойыңызда қуық асты безінің ауру белгілерінің пайда болуын байқасаңыз, дереу көмекке жүгінуіңіз қажет. Мысалы: зәр шығарудың бұзылуы, ерректік әлсіздік, ауырсыну белгілері, уретральды каналдың қысылуы . Сократ айтқандай «Денсаулық - барың емес, бірақ «барың» денсаулықсыз маңызды емес». Бақытымызға орай, қазірдің өзінде урологиялық ауруларды емдеуге арналған Израиль технологиясымен әзірленген «Уроформен» парафармацевтикалық сапасы дәлелденген, күшті препарат бар. Уроформен - қабылдаудың алғашқы кезеңінде-ақ, жыныс безіндегі, несеп жолындағы қабыну процесінің қоздырғыштары болып табылатын бактериялар мен микроағзаларды шығарып, простата безінің қабынуы мен ісінуін тоқтатады. Нәтижесінде несеп шығару процесі жақсарып, ауырсынуды жояды. Сонымен қатар, Уроформен жыныс бездерінің жұмысын жақсартады. Ал, ол өз кезегінде ерлердегі жалпы күш-қуат беретін тестостеронды қажетті мөлшерде бөліп шығарып, ерлерде кездесетін жыныс әлсіздігін жояды. Осылайша, күрделі процестің арқасында Уроформен бүкіл несеп-жыныс жүйесінің жұмысын қалпына келтіреді.

Мына телефон арқылы кеңес алып «Уроформен» препаратына тапсырыс бере аласыз: 8 705 926 37 98 немесе uroforman.kz сайты арқылы. Тегін жеткізу қызметі бар.

Оразбаев Муратхан Орал қаласы

Сәлеметсіздер ме! Жақында ғана мен простатитті емдеуге арналған «Уроформен» деп аталатын дәрі сатып алдым. Оны қолданғаннан кейін осы препаратқа қатысты нақты бір пікір пайда болып, сіздермен бөлісуді жөн көрдім. Алдымен сіздерге ауруым туралы қысқаша айтып өтейін. Мені бірнеше жыл бойы простатит ауруы мазалап келді, көбіне ауру қыста асқынып кететін. Шап аймағында және зәр шығару каналында ауырсынулар пайда болып, үнемі ыңғайсыздық мазалайтын болды. Осы уақыт аралығында қаншама дәрі қабылдап көрдім. Кейбір дәрі-дәрмектерден пайда болды, бірақ өкінішке орай әсері ұзаққа созылмады. Ал «Уроформенді» қабылдағаныма 2 ай болды. Осы препаратты қабылдағанның нәтижесінде ауырудың барлық белгілері кетті. Қазір өзімді жақсы сезінемін. Осыған дейін мазалаған ыңғайсыздық та сезілмейді және төсек қатынасы да қалпына келді. Айтарым, осы өнімге толықтай көңілім толды. Баршаңызға зор денсаулық тілеймін, сау болыңыздар!

Ұтымды сәтті тиімді пайдаланып, Уроформен курстық бағдарламасына

40%

жеңілдікпен тапсырыс беруге асығыңыз.

Құрамындағы негізгі белсенді заттар: препараттың құрамында химиялық компоненттер жоқ.
Дозасы және қабылдау әдісі: қабылдау ұзақтығы 1 айдан жоғары.
Қарсы көрсеткіштер: компоненттерге жеке төзбеушілік.

RU.77.99.88.003.R.002605.07.22 29.07.2022 ж.
ҚБК, дәрілік зат болмаған тауарлары

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 24122 | Тапсырыс №287 | Кезекші редактор **Дүйсенбек АЯШҰЛЫ**